

**«М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті»
«Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ жанындағы қоғамдық
денсаулық сақтау саласындағы және денсаулық сақтаудың өзге де мамандарын
даярлау бағдарламаларының жобаларды басқару тобы (ЖБТ)**

ЖБТ ОТЫРЫСЫНЫҢ № 18 ХАТТАМАСЫ

2026 жылғы 01 шілде

Ақтөбе қ. / онлайн

Төраға: Ермуханова Л.С.

Төрағаның орынбасары: Мусаханова А.К.

Хатшы: Болатова Ж.Е.

Отырыстың форматы: онлайн

Қатысқандар: «Қоғамдық денсаулық сақтау», «Медициналық-профилактикалық іс», «Нутрициология», «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы», «Менеджмент» комитеттерінің төрағалары мен мүшелері.

Қатыспағандар: 0

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Медициналық-профилактикалық іс» білім беру бағдарламасы комитетінің МЖМБС жобасы және «Медициналық-профилактикалық іс» білім беру бағдарламасының үлгілік оқу жоспары бойынша № 4 бұйрық жобасына ұсыныстарын қарау.
2. «Қоғамдық денсаулық» білім беру бағдарламасы бойынша МЖМБС жобасын және № 4 бұйрық жобасын қайта қарау.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Бірінші мәселе бойынша «Медициналық-профилактикалық іс» білім беру бағдарламасы комитетінің төрайымы Галаева А.И. тыңдалды. Ол «Медициналық-профилактикалық іс» білім беру бағдарламасының үлгілік оқу жоспары бойынша МЖМБС жобасын және № 4 бұйрық жобасын қайта қарау туралы ақпарат ұсынды. Галаева А.И. «ҚМУ»КеАҚ және «Медициналық-профилактикалық іс» ББ комитеті білім беру стандартының жобасы мен № 4 бұйрық жобасын талқылау шеңберінде білім беру бағдарламасының міндетті пәндер компонентінің мазмұнына өзгерістер енгізу мүмкіндігін қарастыруды ұсынатынын атап өтті.

«Медициналық-профилактикалық іс» білім беру бағдарламасы комитеті тарапынан келесі ұсыныстар мен негіздемелер ұсынылды.

1. «Клиникаға кіріспе» және «Ішкі аурулар пропедевтикасы» пәндері бойынша Комитет міндетті пәндер тізбесіне бір мезгілде «Клиникаға кіріспе» және «Ішкі аурулар пропедевтикасы» пәндерін енгізуді қайта қарауды орынды деп санайды.

Аталған пәндердің мақсаттарын, міндеттерін және қалыптастырылатын құзыреттерін талдау олардың мазмұндық жағынан едәуір қайталанатынын көрсетеді. Екі пән де базалық клиникалық дағдыларды қалыптастыруға, пациентпен қарым-қатынас жасау қағидаттарын меңгеруге, клиникалық тексеру әдістерін зерделеуге және білім алушыларды клиникалық практикаға енгізуге бағытталған.

Оқыту нәтижелері ұқсас екі пәннің болуы оқу уақыты мен ресурстарды тиімсіз пайдалануға алып келеді, сондай-ақ білім беру процесінің тиімділігін төмендетеді.

Осыған байланысты Комитет № 4 бұйрық жобасында көрсетілгендей, «Клиникаға кіріспе» пәнін **5 кредит** көлемінде сақтап, пәндер мазмұны мен күтілетін оқыту нәтижелерінің қайталануын болдырмау мақсатында «Ішкі аурулар пропедевтикасы» пәнін алып тастауды ұсынады.

2. «Біртұтас денсаулық» / One Health пәні бойынша

МПП комитеті «Медициналық-профилактикалық іс» білім беру бағдарламасына **«Біртұтас денсаулық» / One Health** пәнін **10 кредит** көлемінде енгізу қажеттілігі туралы шешім қабылдады. Бұл шешім болашақ мамандарды даярлаудың профилактикалық бағытын қазіргі халықаралық үрдістерге сәйкес күшейту мақсатында қабылданды.

«Біртұтас денсаулық» / One Health тұжырымдамасы медициналық білім беру мен денсаулық сақтауды дамытудың негізгі халықаралық бағыттарының бірі ретінде танылған. Оны Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы, Дүниежүзілік жануарлар денсаулығы ұйымы және Біріккен Ұлттар Ұйымының Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы сияқты халықаралық ұйымдар қолдайды.

Бұл тәсіл адам, жануарлар және қоршаған орта денсаулығының өзара байланысын көрсетеді. Бұл инфекциялық аурулар, микробқа қарсы тұрақтылық, климаттың өзгеруі және экологиялық факторлармен байланысты қауіп-қатерлердің артуы жағдайында «Медициналық-профилактикалық іс» білім беру траекториясы үшін ерекше өзекті болып табылады.

«Біртұтас денсаулық» / One Health пәнін білім беру бағдарламасына интеграциялау болашақ мамандарда профилактикалық медицина, пәнаралық өзара іс-қимыл, қауіп факторларын бағалау және биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларында заманауи құзыреттерді қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл медициналық білім беру мазмұнын қазіргі халықаралық үрдістерге және жетекші әлемдік ұйымдардың ұсынымдарына сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

3. «Анатомия» пәні бойынша

Комитет «Медициналық-профилактикалық іс» білім беру бағдарламасының білім алушылары үшін **«Анатомия»** пәнін меңгеруге **5 кредит** жеткілікті деп санайды. Бұл профилактикалық, яғни клиникалық емес бейіндегі мамандарды даярлау мақсаттарына сәйкес келеді.

Аталған білім беру бағдарламасы түлектерінің негізгі кәсіби қызметі мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау және профилактикалық медицина болып табылады. Бұл бағыттар емдеу бейініндегі дәрігерлерді даярлау үшін қажет көлемде топографиялық, хирургиялық және клиникалық анатомияны одан әрі меңгеруге негіз болатын анатомияны тереңдетіп оқытуды талап етпейді.

Анатомияны **5 кредит** көлемінде оқу білім алушыларда адам ағзасының құрылысы туралы іргелі білімді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл білім физиологиялық процестерді, аурулардың даму механизмдерін, қоршаған орта факторларының адам ағзасының мүшелері мен жүйелеріне әсерін түсіну үшін, сондай-ақ **«Физиология», «Патологиялық физиология», «Жалпы патология», «Гигиена», «Эпидемиология», «Кәсіптік аурулар», «Қоғамдық денсаулық сақтау»** және профилактикалық бағыттағы басқа да пәндерді одан әрі меңгеру үшін қажет.

Сондай-ақ қоғамдық денсаулық сақтау, профилактикалық медицина және environmental health салаларында мамандар даярлаудың халықаралық тәжірибесі клиникалық емес бейіндегі білім беру бағдарламаларында анатомияны жалпы практика дәрігерлері мен басқа да клиникалық мамандықтарды даярлау бағдарламаларымен салыстырғанда қысқартылған көлемде оқытуды көздейтінін көрсететіні атап өтілді. Бұл оқыту мазмұны түлектің кәсіби міндеттерімен айқындалатын құзыреттілік тәсілмен негізделеді.

2. Екінші мәселе бойынша «Қоғамдық денсаулық» комитетінің төрайымы Хисметова З.А. МЖМБС бойынша бұйрық жобасы және ҰОЖ бойынша № 4 бұйрық жобасы туралы, сондай-ақ бұйрық жобаларының жаңа нұсқасы қарауға ұсынылуына байланысты ұсыныстарды қайта дайындау жөнінде ақпарат берді.

Қайта қарауға ұсынылған МЖМБС бойынша бұйрық жобасы және ҰОЖ бойынша № 4 бұйрық жобасы «Қоғамдық денсаулық» білім беру бағдарламасы бөлігінде Комитет бұрын

келісілген ұсыныстарға сәйкес келетіні және қосымша қайта қарауды талап ететін қағидатты өзгерістерді қамтымайтыны атап өтілді.
Осыған байланысты ұсынылған бұйрық жобаларының нұсқасын қолдау ұсынылды.
Талқылауға «Қоғамдық денсаулық сақтау» комитетінің мүшелері қатысты — 14 адам.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

ЖБТ мүшелері «ҚМУ»КеАҚ және «Медициналық-профилактикалық іс» білім беру бағдарламасы комитетінің ұсыныстарын қолдады.

Талқылау барысында ұсынылған ұсыныстардың негізді екені және «Медициналық-профилактикалық іс» білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярлау бейініне сәйкес келетіні атап өтілді. Пәндер мазмұнының қайталануын болдырмау, кредиттерді ұтымды бөлу, білім беру бағдарламасының профилактикалық бағытын күшейту, сондай-ақ **One Health** тұжырымдамасын қоса алғанда, заманауи пәнаралық тәсілдерді интеграциялау қажеттілігі ерекше атап өтілді.

ЖБТ мүшелері сондай-ақ «Анатомия» пәнінің көлемін **5 кредитке** дейін қысқарту профилактикалық бағыт түлектерінің кәсіби міндеттеріне сәйкес келетінін және білім алушылардың іргелі даярлық сапасын төмендетпейтінін атап өтті.

ДАУЫС БЕРУ:

«Қолдағандар» — бірауыздан.

«Қарсы» — жоқ.

«Қалыс қалғандар» — жоқ.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. «Медициналық-профилактикалық іс» білім беру бағдарламасы комитетінің төрайымы Галаева А.И.-дің «Медициналық-профилактикалық іс» білім беру бағдарламасының үлгілік оқу жоспары бойынша МЖМБС жобасын және № 4 бұйрық жобасын қайта қарау туралы ақпараты назарға алынсын.
2. «ҚМУ»КеАҚ және «Медициналық-профилактикалық іс» білім беру бағдарламасы комитетінің «Медициналық-профилактикалық іс» білім беру бағдарламасының міндетті пәндер компонентінің мазмұны бойынша ұсыныстары мақұлданын.
3. Білім беру стандартының жобасын және № 4 бұйрық жобасын одан әрі пысықтау кезінде келесі ұсыныстарды ескеру ұсынылсын:
 - «Клиникаға кіріспе» пәнін 5 кредит көлемінде сақтау;
 - пәндер мазмұны мен күтілетін оқыту нәтижелерінің қайталануын болдырмау мақсатында «Ішкі аурулар пропедевтикасы» пәнін алып тастау;
 - міндетті пәндер компонентіне «Біртұтас денсаулық» / One Health пәнін 10 кредит көлемінде енгізу;
 - «Анатомия» пәнінің көлемін 8 кредиттен 5 кредитке дейін қысқарту.
4. Пысықталған білім беру стандартының жобасы және № 4 бұйрық жобасы РОӘК ОӘБ қарауына және келісуіне жіберілсін.
5. «Қоғамдық денсаулық» білім беру бағдарламасы бөлігінде МЖМБС бойынша ұсынылған бұйрық жобасы және ҮОЖ бойынша № 4 бұйрық жобасы Комитет бұрын келісілген ұсыныстарға сәйкес келеді деп мақұлданын.
6. Осы хаттама ЖБТ және жоғары білім секциясының қарауына жіберуге ұсынылсын.

Төрайым

Ермуханова Л.С.

Хатшы

Болатова Ж.Е.